

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 мамырдағы N 603 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің кейбір нормативтік актілерінің күші жойылған деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 қазан N 1208

Шығаратын өнімнің отандық та және шетелдік те тұтынушылар үшін маңыздылығын ескеріп, қалыптасқан ғылыми-техникалық әлеуетті сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қорғау" ұлттық акционерлік комиссиясын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 мамырдағы N 603 қаулысына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулыға 1-қосымшада:

акцияларының мемлекеттік пакеттеріне "Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясының иелік ету, пайдалану және басқару құқығы тоқтатылатын акционерлік қоғамдардың тізбесі;

"Қазақ радиотехника зауыты" АҚ, Алматы қаласы;" сөздерімен толықтырылсын.

2-қосымшада:

акцияларының мемлекеттік пакеттері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатылатын акционерлік қоғамдардың тізбесінен:

"Наука-Восток" АҚ, Көкшетау қаласы;" сөздері алынып тасталсын.

4-қосымшада:

акциялардың мемлекеттік пакеттерін сенімді басқаруға басшыларымен контракт жасалатын акционерлік қоғамдардың тізбесі:

"Наука-Восток" АҚ, Көкшетау қаласы";

"Қазақ радиотехника зауыты", Алматы қаласы" сөздерімен толықтырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының радиоэлектроника мен байланыс жөніндегі Ұлттық орталығының қызметін қамтамасыз ету шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 8 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 1,

5-құжат) 15-тармағының;

"Қазақ радиотехника зауыты" акционерлік қоғамы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 сәуірдегі N 446 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 20, 198-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК